



МЕРКІЛІК ДЕЛЕГАЦИЯ СЫР ӨҢІРІНІҢ ДАМУ ҚАРҚЫНЫМЕН ТАНЫСТЫ

Қызылорда облысына арнайы жұмыс сапарымен келген Жамбыл облысы Меркі ауданының делегациясын шаһар басшысы Нұржан Ахатов қарсы алып, бірқатар әлеуметтік, мәдени және спорттық нысандарға барды. Сапар «Сыр жұлдыздары» инновациялық-шығармашылық академиясынан басталды. Жолай «Президент саябағын» жаңғырту жұмыстары, «Отбасы орталығы», «Достық үйі» ғимараты, «Қызылорда Арена» спорт кешенінің құрылысы және «Өнер орталығы» таныстырылды. Делегация мүшелері қаланың заманауи келбеті мен инфрақұрылымдық жетістіктеріне жоғары баға беріп, оң пікір білдірді.

Қайта жаңғыртудан өткен орталық алаңға және «Анаға тағзым» орталығына аялдады. Алаңдағы жаңа сәулеттік шешімдер, жарықтандыру жүйесі және кеңейтілген демалыс аймақтары қонақтардың ерекше қызығушылығын тудырды. Бұдан кейін жанарған қалалық мәдениет және демалыс паркіне барып, тұрғындардың бос уақытын тиімді өткізуге жасалған мүмкіндіктермен танысты. Одан соң делегация Тәуелсіздікке 25 жыл данғылын кеңейту жұмыстарын және 11 мың орындық жаңа стадион құрылысының барысын көрді. Қонақтар спорт инфрақұрылымының ауқымдылығы мен сәулеттік үйлесімін ерекше атап өтті.

Сапар соңында облыстық тарихи-өлкетану

музейіне барып, Сыр өңірінің бай тарихы мен мәдени мұраларына қанықты. Сондай-ақ «Оқушылар сарайы», «Теннис орталығы», музыкалық колледж ғимараты және дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы таныстырылды. Музей экспозицияларынан өңірдің өткені мен бүгінгі жайлы мол мағлұмат алды.

Сонымен қатар, делегация Сырдария ауданына қарасты Бесарық ауылындағы байыпты бастамаларды көрді. Аудан әкімі Берік Сәрменбаев делегация мүшелерін ауылдың әлеуметтік, экономикалық және мәдени нысандарымен таныстырып, жүзеге асқан жобалар туралы баяндады.

ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУДА

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде Сеул ұлттық ғылым және технология университетінің (SeoulTech) студенттерімен халықаралық тәжірибе алмасу бағдарламасы басталды.

Бағдарлама барысында екі елдің студенттері білім беру жүйесінің ерекшеліктерімен танысып, ғылыми-зерттеу және инновациялық бағыттар бойынша пікір алмасуда. Шетелдік қонақтар университеттің материалдық-техникалық базасымен және оқу-тәжірибелік орталықтарымен танысып, қазақ жастарының өнері мен ізденістерін жоғары бағалады.

Сондай-ақ корейлік студенттер ұлттық мәдениетін таныстыру мақсатында бисер

бұйымдарын жасау және К-рор биін үйрету бойынша шеберлік сабақтарын өткізді. Мұндай шаралар жастарға жаңа дағдыларды меңгеруге, сонымен қатар корей мәдениетімен жақынырақ танысуға жол ашты.

Сонымен қатар, меймандар үшін Қызылорданың тарихы мен мәдениетін таныстыратын арнайы бағдарлама ұйымдастырылды. Өз кезегінде университетіміздің студенттері де жаңа білім мен тәжірибе жинақтап, корей мәдениеті мен оқу ерекшеліктерін танып-білуде.

Халықаралық тәжірибе алмасу бағдарламасы студенттердің кәсіби біліктілігін арттырып қана қоймай, достық қарым-қатынасты нығайтып, мәдениеттер арасындағы байланыстарды кеңейтеді.



ӘКІМШІЛІК ҚАМАҚҚА АЛЫНДЫ

Жалағаш аудандық сотында Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 440-бабы 3-бөлігі бойынша азаматша А.-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды.

Іс құжаттарына сәйкес, А. әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап, 2025 жылдың 12 тамызында көше бойында мас күйінде құлап, адамның қадір-қасиетін және имандылықты қорлайтын масаң күйде болған. Сотта А. кінәсін мойындап, қоғамдық орында алкогольді ішімдік ішкен күйде құлап жатқанын, кешірім сұрайтынын көрсетті.

Сот қаулысымен құқық бұзушы А. ӘҚБтК-нің 440-бабының 3-бөлігімен кінәлі деп танылып, 1 тәулікке әкімшілік қамаққа алынды.

Жалағаш аудандық соты



«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

**«Ел тілегі» газетіне
жеке жазылушылар
үшін индекс 65007**

6 айға – 2800 теңге;

**БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН
ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН
ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!**

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

**Қажетті ақпаратты мына телефондар
арқылы ала аласыздар: 8(7242)
27-85-75; 8-7059827661,
8 777 752 54 63.**



КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ САЛАСЫНДА ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР БАР

Тасбөгет кентінің әкімі Айдын Тыныштықбай бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне I жартыжылдықта атқарылған жұмыстарды баяндады. Кенттің инфрақұрылымын дамыту бағытында бірқатар жобалар жүзеге асуда. Атап айтсақ, Тасбөгет кентіндегі жаңа бейітті қоршау және тегістеу жұмыстары аяқталып, 15 млн. теңгеге кенттегі бірқатар көшелер жөнделді. Сондай-ақ, 10 көше жарықтандырылды. Қазір 16 тұрғын үйдің шатырын жабу және ұзындығы 2,7 шақырым болатын жылу құбырының құрылысы жүргізілуде.

- Өткен жылы Сабалақ саяжайы тұрғындарының көптен бері көтеріп келген мәселесі оң шешімін тауып, саяжайға көгілдір газ желісін жүргізу үшін 3 кезеңнен тұратын жоба дайындалды. Жобаның жалпы құны 3 млрд. теңгені құрайды. Бүгінде саяжайдың ішкі газ желілерін тарту жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, саяжай тұрғындарының сұранысына сәйкес ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі де өз шешімін тапты. Бұл жобаның құрылысын «Авангард ППС» ЖШС жоспарға сәйкес қарқынды жүргізуде, - деді кент әкімі Айдын Мараулы.

Кентте кәсіпкерлікті қолдау саласында да оң өзгерістер бар. Кәсіптік бағытқа бет бұрған тұрғындардың саны күн сайын артып келеді. Есепті мерзімде кәсіпкерлік субъектілердің жалпы саны 880-ді құрап отыр. Кәсіпкерлікті қолдау, дамыту бағытындағы түрлі мемлекеттік бағдарламалар аясында 29 тұрғын өз жобаларын сәтті қорғап, 72,7 млн. теңге көлеміндегі қаржылай қолдауға ие болды.

ЗАҢНАМАЛАРҒА ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Арал және Жаңақорған аудандық соттарында 2025 жылғы 16 шілдедегі «Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын оңтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №210-VIII Заңын талқылауға арналған дөңгелек үстелдер өткізілді. Дөңгелек үстелдерге аудандық соттардың төрағалары мен судьялары, прокуратура, полиция және пробация қызметтерінің өкілдері, адвокаттар қатысты.

Арал аудандық сотында өткен дөңгелек үстелде сот төрағасының міндетін атқарушы Г.Нұрымбетова аталған заңмен қылмыстық заңнаманы жетілдіруді және кейбір қоғамдық қауіпті әрекеттер үшін жауапкершілікті арттыруды көздейтін, сонымен бірге, қылмыстық процесте азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейтуге, қылмыстық процесті оңтайландыруға бағытталған нормалар енгізілгенін айтып өтті.

Судья А.Асанхан Қылмыстық, Қылмыстық-процестік және Қылмыстық-атқару Кодекстеріне енгізілген түзетулер бойынша баяндама жасап, жаңашылдықтар жайында түсіндірмелер берді.

Жаңақорған аудандық сотында өткен дөңгелек үстелде сот төрағасы А.Жолдыбаев заңға енгізілген өзгерістерді атап өтіп, оларды тәжірибеде қолданылу ерекшеліктеріне тоқталып, жаңа заң аясында ҚР Қылмыстық Кодексіне жаңадан баптар енгізілгенін тілге тиек етті.

Сонымен қатар, дөңгелек үстел барысында «Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» Заңын қолдану мәселелері де талқыланды.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Келешек мектептері» ұлттық жобасы және құрылыс саласында атқарылған жұмыстар сараланған жиын өтті. Басқосуға облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, жауапты сала басшылары, қала және аудан әкімдері мен құрылыс компанияларының басшылары қатысты.



«КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ»

ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ СӘТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА

Аймақ басшысы ауқымды жобаларды жүзеге асыру барысында сапаға баса мән беруді тапсырды.

«Жаңадан пайдалануға берілетін нысандардың өңіріміз үшін маңызы зор. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясындағы мектептердің, 11 мың орындық жаңа стадион мен тұрғын үйлер құрылысының сапасы мен табысталу мерзіміне қатысты ешқандай мәселе туындамауы тиіс. Құрал-жабдықтары, жан-жағының абаттандырылуы толық дайын болуы керек», - деді Н.Нәлібаев.

«Келешек мектептері» ұлттық жобасымен облысымызда 10 мектеп салынып, пайдалануға берілуде. Осыған дейін 6 мектеп іске қосылған. Қалған 4 мектептің 3-еуі (Қызылорда қаласы Арай м/а 1500 орындық, Қызылжарма м/а 600

орындық және Арал ауданы Сексеуіл кентіндегі 300 орындық мектептер) жаңа оқу жылына дейін, тағы 1 мектеп (Қызылорда қаласы СІМК-70 м/а 1500 орындық мектеп) екінші тоқсанға дейін ел игілігіне табысталады деп күтілуде.

Жас ұрпақтың білім алуына қолайлы жағдай жасап, жайлы орта қалыптастыруда бірқатар жұмыстар атқарылуда. Қаржыландырудың барлық көзінен өткен жылы 31 млрд. 800 млн. теңгеге 13 білім беру ұйымы жаңадан ашылды. Облыстық бюджеттен бөлінген 5 млрд. 700 млн. теңге қаржыға 9 мектепке 2 900 орындық қосымша ғимарат салынды. Нәтижесінде үш ауысымдық мектеп мәселесі түбегейлі шешімін тапты.

СТАДИОНДА ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Жалағаш ауданының әкімі Ардақ Ибраимов жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан орталық стадионға барып, ондағы жұмыстардың барысын көрді.

Аудан әкімі стадиондағы құрылғыларды заманауи стандартқа сай және барлық жұмыстарды сапалы орындауды тапсырды. Сондай-ақ, құрылыс материалдарының сапасын назарда ұстау, нысанды белгіленген мерзімде аяқтау қажеттігін ескертті.

«Мемлекет тарапынан бұқаралық спортты дамытуға айрықша көңіл бөлінуде. Аудандағы орталық стадионды жаңғырту – тұрғындардың

спортпен айналысуына қолайлы жағдай жасау бағытындағы нақты қадамның бірі. Жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін заманауи алаң тұрғындарға ұзақ жыл қызмет етуі тиіс. Сондықтан құрылыстың сапасына аса мән беріңіздер. Бұл бойынша ешқандай мәселе болмауы тиіс», – деді аудан әкімі Ардақ Ибраимов.

Жасыл алаң Қазақстан футбол федерациясының «ALAN» жобасы аясында қайта жабдықталуда. Жалпы құны – 180 млн теңге. Қазіргі таңда стадионда құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде.



ФРАКЦИЯ МҮШЕСІ ТІГІН ЦЕХІНІҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, «AMANAT» партиясының депутаттық фракциясының мүшесі Мұрат Ергешбаев Талсуат ауылдық округіндегі тігін цехінің жұмысымен танысты.

«Расул» жеке кәсіпкерлігінің иесі Айгүл Ахметова өткен жылы «Ауыл аманаты» жобасы аясында 7 миллион теңге несие алып, кәсібін бастаған. Қазіргі таңда 2 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Әзірге жергілікті мекемелердің мемлекеттік сатып алу конкурсына қатысу арқылы өз өнімдерін өткізіп отыр. Алдағы уақытта тігін цехін кеңейтуді жоспарлап, қазіргі таңда қосымша ғимараттың іргетасын құюды бастаған.

«Фракция мүшесі Мұрат Нәлқожаұлы: Шағын кәсіпкерліктерді жан-жақты қолдау біздің басты мақсаты. Жүйелі жұмыстардың қолға алынғанын көріп отырмын. Оның үстіне қосымша ғимарат салып, кәсіп аясын кеңейтуді бастаған екенсіз, бастамаңызға сәттілік тілеймін», -деді.

Кәсіпкер соңғы үлгідегі түрлі тігін құралдарын алып, ұлттық киімдер, күнделікті қолданылатын киімдер мен ою, жазу тігу қызметтерін көрсетуде.



САЛТАНАТТЫ ШАРА ӨТТІ

«Өнер орталығында» Спорт күніне арналған салтанатты шара өтті. Оған Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Ергешбаев, Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Руслан Есеналин, Олимпиада ойындары мен Әлем чемпионаттарының жеңімпаздары Ермахан Ыбырайымов, Бақыт Сәрсекбаев, Елдос Сметов, Болат Жұмаділов, Нұрбақыт Теңізбаев, Әділбек Ниязымбетов, Ислам Байрамұков, Серік Елеуов, Қамшыбек Қоңқабаев, Мерей Ақшалов, Біржан Жақыпов, облыстық құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, зиялы қауым өкілдері, сала ардагерлері арнайы қатысты.

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев жиналған жұртшылықты мерекемен құттықтап, спорт саласындағы бастамалар мен жетістіктерді атап өтті.

«Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Қазақстан спорт державасы болуға тиіс. Сол үшін біз маңызды спорт нысандарын салып жатырмыз. Халықтың спортқа деген қызығушылығын арттыру – біздің ортақ міндетіміз» - деп, спорт инфрақұрылымын, соның ішінде стадиондар мен спорт кешендерін салуға тапсырма берген болатын. Президентіміздің тапсырмасын орындау мақсатында өңірімізде спорт инфрақұрылымын дамытуға, бұқаралық спортпен шұғылданушылар санын арттыруға басымдық берілуде.

Қазіргі таңда аймағымызда 340 мыңнан астам тұрғын спортпен жүйелі түрде шұғылданады. Бұл - өңір халқының 40 пайызы. Спорт резерві мен жоғары дәрежелі спортшыларды даярлайтын 33 спорт мекемесі жұмыс істейді. Соңғы 3 жылда 20 спорт кешені пайдалануға берілді. Биыл «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында елді

мекендерде тағы 6 спорт кешені ел игілігіне табысталады. Сыр өңірінің спортшылары әлемдік додалар мен ел біріншіліктерінде әрдайым жеңіс тұғырынан көрініп, еліміздің атын әлемге танытуда. Алдағы уақытта да аймақ спортының дамуына аянбай атсалысып, жаңа белестерді бағындыра береді деп сенемін. Баршаның дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін!Мереке құтты болсын!» деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Мерекелік шарада салауатты өмір салтын қалаптастыруға, бұқаралық спортты дамытуға сүбелі үлесін қосқан сала мамандары облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Концертте үрмелі аспаптар оркестрі халық әндеріне импровизация жасады, эстрада әншісі Бағлан Әбдірайымов ән шырқады.

Айта кету керек, Сыр өңірінің спортшылары халықаралық аренада көк туымызды көкке көтеріп келеді. Жыл басынан бері Әлем, Азия чемпионаттарынан 36 алтын, 22 күміс, 42 қола медаль жеңіп алды. Ел біріншіліктерінен 118 алтын, 103 күміс, 151 қола медальға қол жеткізді.

131 КӘСІПКЕРЛІК НЫСАН ЖҰМЫС ІСТЕУДЕ



көшесіне балалар ойын алаңы салынуда. Сондай-ақ, жаңадан қоныстанушы аумақтағы 5 көшені жарықтандыру жұмыстары аяқталды, - деді ауылдық округ әкімінің міндетін атқарушы Қойшыбай Жалғасұлы.

Қарауылтөбе ауылдық округінде 131 кәсіпкерлік нысан жұмыс істеуде. Жыл басынан бері 6 кәсіпкерлік субъекті тіркеліп, жалпы құны 25,4 млн теңгені құрайтын 3 жоба қаржыландырылды. Яғни, «Іскер» бағдарламасы аясында 2 жоба қаржыландырылса, «Ауыл аманаты» жобасы аясында 1 жоба мақұлданды.

Биыл Қарауылтөбе ауылдық округінің инфрақұрылымын дамыту бағытында бірқатар жобалар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, электр желілерін реконструкциялау жұмыстары жүргізілуде. Байсейітов көшесіне балалар ойын алаңы салынуда. Сондай-ақ, жаңадан қоныстанушы аумақтағы 5 көшені жарықтандыру жұмыстары аяқталды.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР АЯСЫНДА 21 ЖОБА МАҚҰЛДАНҒАН

Қызылжарма ауылдық округінің әкімі Шәріп Әбдірахманов бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне I жартыжылдықта атқарылған жұмыстар бойынша баспасөз конференциясын өткізді.

- Ауылдық округтегі 4 көшеге түнгі жарық бағанасы мен 4 дана аялдама орнатылды. Сонымен қатар, жолдарға ағымдағы жол жөндеу жұмыстары жүргізіліп, «Тағзым» алаңы абаттандырылды. Қазір 3 дана ауыз су ұңғымасының құрылысы және жалпы ұзындығы 50 шақырымды құрайтын 67 көшеге электр бағаналары орнату орнатылуда, - деді ауылдық округ әкімі Шәріп Әкбарұлы.

Ауылдық округте 494 кәсіпкерлік нысан жұмыс істеуде. Кәсіпкерлікті дамытудың түрлі мемлекеттік бағдарламалары аясында 21 жоба мақұлданып, 84,7 млн.теңгеге қаржыландырылды. Құны 15,7 млн. теңгені құрайтын 10 жоба мемлекеттік грантқа ие болды.

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА



Аймағымызда балалардың жолдағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бірқатар кешенді жұмыстар атқарылуда. Жыл басынан бері «Қауіпсіз жол», «Тасымалдаушы», «Мотокөлік», «Абайлаңыз, балалар» атты жедел-профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылып, жол қозғалысына қатысушылар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, тамыз айының 11-13 күндері өткен «Балабақша» іс-шарасы аясында мектепке дейінгі ұйымдардағы балаларды тасымалдаудың қауіпсіздігін арттыруға бағытталған жұмыстар жүзеге асырылды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық Полиция департаменті Жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығының орынбасары Рауан Әлдешов мәлімдеді.

- Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету - ішкі істер органдары жұмысының басты бағыттарының бірі. Әсіресе, балалардың қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларына жол бермеу - басты назарда. Осы мақсатта жыл басынан бері облыс көлемінде жедел-профилактикалық іс-шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Ағымдағы жылдың 11-13 тамыз күндері өткізілген «Балабақша» жедел-профилактикалық іс-шарасының басты мақсаты - мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ оларды тасымалдауды жүзеге асыратын жүргізушілердің тәртібін арттыру болды. Іс-шара барысында балабақша басшыларымен кездесулер өткізіліп, көлік құралдарының техникалық жағдайына, жүргізушілердің құжаттарына бақылау күшейтілді. Нәтижесінде 305 жүргізушіге әкімшілік шара қолданылды. Сонымен қатар, ата-аналарға балалардың жолдағы қауіпсіздігі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, тәрбиешілерге балаларды тек ересек адамдардан қабылдау және тапсыру мәселесін қатаң бақылауда ұстау ұсынылды. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау - бәріміздің ортақ міндетіміз. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстар облыстық Полиция департаменті басшылығының қатаң бақылауында болып, алдағы уақытта да жалғасын таба береді, -деді Рауан Қырымұлы.

1000-ҒА ЖУЫҚ СПОРТШЫ БӘСЕКЕГЕ ТҮСПЕК

Қызылорда қаласында «Алтын күз – 2025» ауыл спортшыларының XXXVIII облыстық спартакиадасының салтанатты ашылу рәсімі өтті. Бір аптаға жалғасатын дүбірлі додада 1000-ға жуық спортшы 16 спорт түрінен бақ сынайтын болады.

Ашылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Зинабдинұлы, облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бахтияр Гарифоллаұлы, еңбек ардагері, ауыл шаруашылығы ардагерлер кеңесінің төрағасы Нұрлыбай Ұлықпанұлы қатысып, жарыс қатысушыларына сәттілік тіледі.

– Биыл дәстүрлі «Алтын күз» спартакиадасының ұйымдастырылып келе жатқанына 38 жыл толып отыр. Бұл жарыс ауылдық жердегі талай талантты спортшының шыңдалып, үлкен

жетістіктерге жетуіне жол ашты. Алғаш рет Сырдария ауданы Тереңөзек кентінде өткен бұл дода қазір облыс көлемінде дәстүрге айналып, ауыл-аймақта бұқаралық спорттың дамуына ерекше серпін берді. Ең бастысы жастардың спортқа қызығушылығын арттырып, жігерін шыңдауға ықпал етіп келеді. Бүгінгі жарыста шын мықтылардың топ жарарына сенемін. Баршаңызды берекелі «Алтын күз» мерекесімен құттықтаймын!, – деді облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Зинабдинұлы.

Өз кезегінде еңбек ардагері Нұрлыбай ақсақал спортшыларға ақ батасын беріп, ізгі тілегін жеткізді. Шара соңында жас спортшылар таяквондо және көркем гимнастикадан арнайы көйылым ұсынып, талантты өнерпаздардың концертімен жалғасты.



ЖҮК КӨТЕРГІШ МЕХАНИЗМДЕР: ӨНДІРІСТІҢ СЕНІМДІ СЕРІГІ

Қазіргі заманғы өндіріс орындары мен құрылыс алаңдарында жұмыс көлемі мен ауырлығы артып келеді. Мұндай жағдайда адамның физикалық күшіне ғана сену жеткіліксіз. Осындай күрделі әрі ауқымды жұмыстарды атқаруда жүк көтергіш механизмдердің маңызы зор. Бұл механизмдер – еңбек өнімділігін арттырушы, адам өмірі мен қауіпсіздігін сақтаушы негізгі құралдардың бірі.

Жүк көтергіш механизмдердің тарихына қысқаша шолу

Жүк көтергіш құралдар адамзат тарихында ежелден қолданылып келе жатыр. Ежелгі Египет пирамидаларын салу кезінде ағаш шығырлар мен рычагтар пайдаланылғаны белгілі. Уақыт өте келе бұл құрылғылар дамып, темірден жасалатын күрделі механизмдерге айналды. XX ғасырда бу мен электр энергиясының пайда болуы жүк көтергіш техникалардың жаңа дәуірін бастады. Бүгінгі таңда бұл құрылғылар заманауи технологиялармен жабдықталып, толықтай автоматтандырылған жүйелерге айналып отыр.

Жүк көтергіш механизмдердің негізгі түрлері

Механизмдердің түрлері олардың құрылымына, жұмыс істеу принципіне және қолдану аясына қарай бөлінеді. Төменде жиі қолданылатын бірнеше түрі берілген:

- Мұнаралы крандар
Бұл құрылғылар көпқабатты ғимараттарды салу кезінде кеңінен қолданылады. Олар жүкті биікке көтеруге мүмкіндік береді. Жүктің салмағына, биіктігіне қарай кранның түрі мен қуаты таңдалады.
- Гусеницалы және дөңгелекті крандар
Жол құрылысында және ауыр техникамен жұмыс істейтін кәсіпорындарда пайдаланылады. Олардың қозғалыс икемділігі жоғары.
- Автокрандар
Жол бойында, төтенше жағдайлар кезінде, мобильділік қажет болған жағдайда таптырмас көмекші. Жүк көтеру қабілеті 10 тоннадан 100 тоннаға дейін жетеді.

4. Көтергіш платформалар (лифтілер)
Адамдар мен жүктерді жоғарыға немесе төменге көтеру үшін қолданылады. Қоймаларда, сауда орталықтарында және тұрғын үй кешендерінде кеңінен таралған.

5. Электрлі тальдар мен домкраттар
Жеңіл әрі шағын механизмдер. Көбінесе автосервистерде, техникалық жөндеу орындарында қолданылады.

Механизмдердің артықшылықтары
Еңбек өнімділігін арттырады – Ауыр жүктерді қысқа уақытта көтеріп, тасымалдауға мүмкіндік береді.

Қауіпсіздікті қамтамасыз етеді – Адам денсаулығына зиян келтірмей, ауыр жұмыстарды автоматты түрде атқарады.

Қаржылық үнемділік – Уақытты, жұмыс күшін және ресурсты үнемдейді. Жоғары дәлдік – Жүкті нақты орнына орнатуға көмектеседі.

Жұмыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері
Жүк көтергіш механизмдермен жұмыс істеу үлкен жауапкершілікті талап етеді. Кез келген қателік немесе абайсыздық адам өміріне қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан:

- Құрылғыны тек арнайы оқытылған мамандар басқаруы тиіс;
 - Құрылғыны пайдаланар алдында техникалық тексеріс жүргізу қажет;
 - Жүктің рұқсат етілген салмағынан асырмау;
 - Жұмыс орнында қауіпсіздік белгілерін орнату міндетті;
 - Қорғау құралдарын (каска, қолғап, арнайы киім) пайдалану қажет.
- Қорытынды
Жүк көтергіш механизмдер – заманауи өндірістің, логистиканың және құрылыстың ажырамас бөлігі. Олардың көмегімен адамдар бұрын қол жеткізе алмаған мүмкіндіктерге ие болды. Дегенмен, кез келген техника адам қолымен басқарылады, сондықтан оны сауатты қолдану, күтіп ұстау және қауіпсіздік ережелерін сақтау – басты шарт. Бүгінгі таңда Қазақстанда да жүк көтергіш техника өндірісі мен қызмет көрсету саласы дамып келеді. Бұл – ел экономикасы мен өнеркәсібінің тұрақты дамуына үлкен үлес қосатын маңызды бағыттардың бірі.

Хабарландыру

«Строительно-транспортная компания» ЖШС-сі «Темірбетон және металл өнімдерін сақтау қоймаларын кеңейту» жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

«Строительно-транспортная компания» ЖШС-ның мекен-жайы: ҚР, Қызылорда обл., Қызылорда қ., Бейбарс Сұлтанк-сі, 48 ғим., байланыс телефондары: +7(778)5126338, БСН 110640016278, e-mail:eco-start@list.ru

Жобалық құжаттама пакетімен танысу және барлық ескертулер мен ұсыныстар ndbecology.gov.kz акпараттық жүйесінде 28 тамызбен 4 қыркүйек (қоса алғанда) аралығында мүмкін болады.

Қосымша ақпаратты: +7(771)5012674 телефоны бойынша алуға болады.

Объявление

ТОО «Строительно-транспортная компания» сообщает о том что, состоится общественные слушания в форме публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к Рабочему проекту «Расширение складов для хранения железобетонных и металлических изделий»

Адрес ТОО «Строительно-транспортная компания»: РК, Кызылординская область, г. Кызылорда, ул. Бейбарыс Султан, ст-е 48, телефоны: +7(778)5126338, БИН 110640016278, e-mail:eco-start@list.ru

С пакетом проектной документации можно ознакомиться, а также оставить замечания и/или предложения будет возможно в срок с 28 августа по 4 сентября (включительно) на информационной системе ndbecology.gov.kz,

Дополнительную информацию можно получить по телефону: +7(771)5012674.

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 18 тамыздағы № 2524 қаулысы

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына сәйкес, «Қызылорда қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімінің» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 25 маусымдағы №01/3052 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Меншік иелерінен Қызылорда қаласы, Ыбырай Жахаев көшесінде орналасқан жалпы көлемі 2081,6 (екі мың сексен бір бүтін оннан алты) шаршы метр жер учаскелерін Арай-Шұғыла шағын ауданына өтетін қолданыстағы көше-жол желісі үшін осы қаулының қосымшасына сәйкес мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылғы 20 қараша болып белгіленсін.

- Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушылар жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, №43, №13 кабинет болып белгіленсін.

- Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.

- Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданысын.

- Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

- Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімінің міндетін атқарушы **Д. Тұрсынбаев**

Постановление акимата города Кызылорда № 2524 от 18 августа 2025 года

О начале принудительного отчуждения земельных участков или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд

В соответствии со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе», рассмотрев письмо коммунального государственного учреждения «Кызылординского городского отдела архитектуры и градостроительства» № 01/3052 от 25 июня 2025 года, акимат города Кызылорда **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

- Начать принудительное отчуждение земельных участков для государственных нужд в связи с изъятием для существующего улично-дорожного сети ведущая в микрорайон Арай-Шугыла у собственников земельных участков, расположенные по улице Ыбырай Жахаева города Кызылорда, общей площадью 2081,6 (две тысячи восемьдесят один целый шесть десятых) квадратных метров, согласно предложению к настоящему постановлению.

- Датой принудительного отчуждения определить 20 ноября 2025 года.

- Местом обращения собственников или негосударственных землепользователей, определить: город Кызылорда, улица Қонысбек Қазантаева, № 43, кабинет № 13.

- Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел общественного развития» акимата города Кызылорда в течении трех рабочих дней со дня принятия данного постановления опубликовать в средствах массовой информации.

- Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений» акимата города Кызылорда уведомить собственников земельных участков, а также принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

- Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.

- Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

Исполняющий обязанности акима города

Д. Тұрсынбаев

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы «18» тамыздағы № 2524 қаулысына қосымша

№	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесінің немесе жер пайдаланушының аты-жөні	Көлемі, шаршы метр	Нысаналы мақсаты	құқық түрі
1	10-156-090-506	Жұрсунбаев Абсамат Жанузакович	1000,0	Жеке тұрғын үй құрылысы үшін	Жеке меншік
2	10-156-031-3413 (қазіргі 10-156-090-531)	Усаев Ильяс Рахматович	1081,6	Жеке тұрғын үй құрылысы үшін	Жеке меншік
	Барлығы		2081,6		

Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы М. Әжібеков

Приложение к постановлению акимата города Кызылорда от «18» августа 2025 года № 2524

№	Кадастровый номер земельного участка	Ф.И.О. собственника или землепользователя	Площадь, квадратный метр	Целевое назначение	Вид права
1	10-156-090-506	Жұрсунбаев Абсамат Жанузакович	1000,0	для индивидуального жилищного строительства	Частная собственность
2	10-156-031-3413 (настоящее 10-156-090-531)	Усаев Ильяс Рахматович	1081,6	для индивидуального жилищного строительства	Частная собственность
	Всего		2081,6		

Руководитель Кызылординского городского отдела сельского хозяйства и земельных отношений М. Ажибеков

Дауылкөл ауылдық округі әкімінің 2025 жылғы «_____» № _____ өкіміне 1 қосымша

Дауылкөл ауылдық округі әкімінің 2025 жылдың IV - тоқсанындағы азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау КЕСТЕСІ

Орталық атқарушы органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж	Азаматтарды қабылдауды жүргізген адамның Т.Ә.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органдардың орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Дауылкөл ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Зайыров Сабырхан Дүйсенбайұлы	Ауыл әкімі	сәрсенбі күні сағат: 15.00-18.00	Тұрмағамбет ауылы, Ешнияз сал көшесі, 57 үй	2-50-06
Дауылкөл ауылдық округі әкімі аппаратының сенім телефоны: 2-50-06					



ЖҮРЕК АУРУЫМЕН ТҮСКЕН ПАЦИЕНТТЕР ОТА ҮШІН КЕЗЕК КҮТПЕЙДІ

Жүрек ауруларынан қалай сақтануға болады? Қызылорда облысында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында қандай кардиохирургиялық оталар жасалады және оның құны қанша? Осы және басқа да сұрақтарға көп бейінді облыстық ауруханасының кардиохирургия орталығының жетекшісі Берік Дәуітбаев жауап берді.

– Берік Русланұлы, кардиохирургия орталығында қандай медициналық қызметтер қолжетімді?

– Жүрек-қан тамырлары аурулары – Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде өлім-жітімнің және аурушандықтың басты себептерінің бірі. Сондықтан жүрек сырқаттарының алдын алу мен емдеу ісіне ерекше назар аударылады.

Біздің орталықта тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында пациенттерге кең ауқымды қызметтер көрсетіледі. Мысалы, егер наукас ауруханаға жедел инфарктпен түссе, біз оған шұғыл түрде коронарография жасап (қан тамырларын зерттеу) және зақымдалған артерияға стент қоямыз. Бұл медициналық қызметтер адамның МӘМС жүйесіне қатысуына қарамастан тегін жүргізіледі.

Ал жоспарлы түрде Емдеуге жатқызу бюросы порталы арқылы жолданған, МӘМС жүйесінде сақтандырылған наукастарға ашық жүрекке ота және басқа да кардиологиялық емдеу әдістерін жасаймыз.

– Демек, егер наукас шұғыл жағдайда түссе, диспансерлік есепте тұрмаса да толық көмек көрсетіле ме?

– Иә, мысал ретінде бір оқиғаны айтайын. Байқоңыр қаласының тұрғыны, Ресей Федерациясының азаматынан жоспарлы тексерістен өтіп жүргенде сол жақ коронарлық артерия сабауының қатты тарылғаны анықталды. Бұл жағдай бір тәулік ішінде шұғыл ота жасауды қажет етті. Біз оған

дереу ота жасап, өмірін сақтап қалдық. Кейін ол МӘМС жарнасын төлегендіктен толық медициналық оңалтудан өтті.

– Өз қалтасынан төлеп емделгендер де болды ма?

– Болды, биыл 2 жағдай кездесті. Түбі Шиели ауданынан шыққан Мәскеу тұрғынына аортокоронарлық шунттау жасалды. Сондай-ақ Өзбекстан азаматына да дәл осындай ота жасалды, құны - 3,5 млн теңге. Өзбекстанда мұндай оталардың басым бөлігі ақылы.

– Жалпы жүрекке жасалатын оталардың бағасы қандай?

– Стент қою бағасы 1 млн 700 мың теңге, аортокоронарлық шунттау 3,5 млн, кардиостимулятор орнату 2 млн теңгеден асады. Ең қымбатшы - кардиовертер-дефибриллятор немесе үш камералы электрокардиостимулятор орнату, бағасы 10 млн теңгеге жетеді. Бірақ МӘМС жүйесіне қатысушылар үшін мұның бәрі тегін.

– Бұрын жүрекке ота жасатқысы келгендер жылдап кезек күтіп жүретін еді. Қазір бұл жағдай қалай?

– Қазақстанда жүрекке алғашқы ота 1960 жылдары А.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығында жасалды. Сол кезде жылына 600-700 ота жасалатын, ал қажеттілік 10 мыңнан асатын. Көп наукас кезегін күткенше өмірден өтіп кететін немесе отаға өте ауыр жағдайда түсетін. Қазір елімізде кардиохирургия қарқынды дамып келеді. Қызылорда облысында жыл сайын 200-ге жуық жүрекке ашық ота жасаймыз. Кезек жоқ, наукастар түскен бойда қабылданады.

– Жүрек трансплантациясы отасын жасау жоспарда бар ма?

– Біздің облыстық ауруханада бүйрек және бауыр трансплантациясы сәтті жасалады. Ал жүрек трансплантациясы қазір тек Астана, Алматы және Шымкент қалаларындағы орталықтарда жүргізіледі. Қызылордада әзірге мұндай қажеттілік аса жоғары емес.

– Сіздің ең жас және ең егде жастағы наукастарыңыз кім болды?

– Мен мамандығым бойынша жұмысымды балалар кардиохирургы болып бастағанмын. Мәскеуде оқып, Алматыдағы перинатология және балалар кардиохирургия орталығында жұмыс істегенде алғашқы наукастарым жана туған сәбилер болды. Персентханадан бірден ота зальна алып келген нәресте болды. Салмағы - небәрі 1 келі 300 грамм. Туабітті жүрек ақауы бар еді. Бұл - мен көрген ең кішкентай жүрек. Сол сәттің суреті әлі күнге дейін сақтаулы. Шүкір, аман қалды. Ал ең жасы үлкен наукас – 82 жастағы ақсақал. Оған аортокоронарлық шунттау жасадық, ота сәтті өтті.

– Жүрек ауруларының алдын алу үшін не істеу керек?

– Адам ағзасы да автокөлік секілді уақытылы «техосмотрдан» өтуі керек. Белгілі бір жастан кейін жыл сайын скринингтен өтіп, жүректің УДЗ-ын жасап, холестерин деңгейін тексеру қажет. Ең бастысы – жүйелі түрде тексерілу.

– Өңгіменізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Айгүл АХАНОВА



Халқымыздың тұрмыс салт-дәстүрінде күнделікті тіршілікке пайдаланатын құралдар жүздеп саналатыны баршамызға белгілі. Солардың бірі – Ұршық. Көшпенді елдің немесе тұрғылықты халықтың негізгі қажеттілігі киім кешек болатын болса оны дайындау технологиясында тауар түрлері пайдаланылатындығы белгілі. Тұрмыс тіршілікке төрт түлкі малмен тығыз байланысатын қазақ халқында өңдеу мен қатар оны іске асырудағы ұршық деп аталатын құралдың маңыздылығы өте жоғары болды. Қарапайым сырт көрінісі көзге айрықша көрінбегенімен атқарар қызметі теңдесіз деуге болады. Күнделікті тұрмыста тұтынатын үй жиһаздары мен төсеніштері, түс киіздерді жасау барысында шикізат көздерін алғаш болып өңдеуге осы ұршық құралы пайдаланылады.

ҰРШЫҚ – уақытпен үндескен өнер

Ұршық – құралына тоқталып, атқаратын қызметі мен ол құралдың жасалу тәсіліне талдау жасар болсақ, оқырман қызығушылығын тудыратыны да анық. Ұршық жүнінен шүйкелеп жіп иіруге арналаған құрал. Қазақстан аумағында ұршықты шаруашылық қарекеттерде пайдалану неолит заманынан басталады. Әсіресе, қола дәуіріндегі табылған ескерткіштерден басы арнайы қыштан құйылған ұршық қалдықтары көптеп табылған. Ежелгі шығыс елдерінде қол ұршығы пайдаланылған. Дәстүрлі қазақ даласында ұршық жүн өнімдерін пайдаланудағы басты еңбек құралдарының бірі болды. Жасалу жолдарына тоқталар болсақ ұршықты ағаш, мүйіз, тас, сүйек сонымен қатар түйе мен өгіздің ортан жілігінің айдар басы, қорғасын сияқты материалдардан жонып жасаған. Ұршық басы дөңгелек немесе жарты шар тәрізді болады, оның ортасына сап өткізетін тесігі орналасады. Сабы ұршық басынан 3 – 4см шығып тұрады, оған жіп жүретін иіретілген ойық жол жасалынады. Кейде басына бір елі қашықтықтан соң мұрындық (ши, шырыпы) орналастырылады. Мұрындық немесе иіретілген ойық жол жіптің сіргеді біркелкі болып жинақталуына септігін тигізеді. Ұршық пен қап, дағар, алаша, басқұр, терме бау шекпен, т.б. тұрмыстық бұйымдар мен киім-кешектерге арнап жіптер тоқылған. Аз жіп иіруге арналған ұршықтың басы жеңіл, сабы қысқа етіп жасалады. Тоқыма өндірісінде иіру, ширату және тегістеуіш машиналардың жіпті иіріп,ширатып, орауышқа, иіршікке, шөлмекке, т.б. орайтын негізгі тетігі. Ұршықты машиналарды XVIII-ғасырдың II-жартысында қолданыла бастады. Ұршықтың сақиналы, центрифигуралы, т.б. түрлері бар.

Ұршық табиғи (мақта, жүн, зығыр) және химиялық талшықтарға арналған болып ажыратылады. Ұршық – ұзын, күрделі геометриялық формалы жұқа және иілгіш болат шпиндельден тұрады. Табиғи талшықтарды иіруге арналған сериялы ұршық шпинделінің жоғарғы бөлігіне қағаз патрон немесе ағаш шөлмек киізіледі. Шөлмекке шуда оралады. Жіп қозғалмайтын сақина бойымен сырғанайтын жүгірткі арқылы ұршыққа келеді. Ұршықтың айналуы кезінде шуда жіп тартылады және жүгірткінің сақина бойымен қозғалуына қамтамасыз етеді. Кейіннен ұршықтың иіру, ширату, екі жіпті орау процестерін біріктіретін иіру-ширату машинасы іске асырылады. Клем, көрд, арқан, т.б. арналған жіптер өндіріс кезінде екі рет ширататын ұршық қолданынылады. Мұндай ұршықтар қарапайым ұршықпен салыстырғанда, құрылымы күрделі және өнім өндіруді екі есеге арттырады. Осындай көне жәдігерлер қатарына еніп келе жатқан ұлттық бұйымдарды насихаттау музей қызметкерлерімен қатар бұқара халықтың міндеті.

Міне дәстүрлі ұлттық құндылықтардың ішінде ұршықтың адам өміріне тигізген пайдасы ұшан теңіз болса, ол ұлттық құндылықтарымыздың бірі болып қала бермек.

Ақзира САРМАНТАЙ,
Ғ.Мұратбаев мемориалдық музейінің ғылыми қызметкері

ЛОР-ИНФЕКЦИЯЛАР МӘМС АЯСЫНДА ҚАЛАЙ ТЕГІН ЕМДЕЛЕДІ

Маусымдық аллергия тек көктем мен жазда ғана емес, күз айларында да жиі кездеседі. МӘМС жүйесі аясында ЛОР-инфекциялар қалай емделетін туралы – пациенттің оқиғасында.

Қызылорда қаласының тұрғыны Айнұр «Мед Ай-Ерке» клиникасына тіркелген. Учаскелік дәрігерден жолдама алып, мұрынның бітелуі, жиі түшкіру, бас ауыруы секілді шағымдармен отоларингологқа жүгінген. Диагноз - ринит. Пациентке заманауи ЛОР-комбайн арқылы қажетті ем жүргізілді.

- Мұрынды жуғаннан кейін бірден жеңілдеп қалдым. Дәрігер тамақ пен құлақты да тексерді. Өйткені, бәрі бір-бірімен байланысты. Сонымен қатар, УДЗ, ЭКГ тексерулерінен өттім, үнемі талдауларды тапсырамын. Осы қызметтердің бәрін МӘМС аясында тегін, жылдам әрі сапалы түрде аламын, - дейді Айнұр.

Дәрігерлердің айтуынша, құлақ, мұрын және тамақ ауруларын алғашқы белгілерінен бастап емдеу керек. Қазіргі таңда ЛОР-кабинеттер заманауи құрылғылармен жабдықталған, бұл диагностика мен емнің тиімділігін арттырады.

- ЛОР-комбайн тексеру жүргізіп қана қоймай, бірден ем жасауға мүмкіндік береді. Мысалы, құлағынан ірің ағатын немесе күкірт тығындары бар наукастарға құлақты тазалап, қабынудың себептерін анықтаймыз. Қажет болған жағдайда МӘМС аясында стационарлық емдеуге жолдаймыз, - деді «Мед Ай-Ерке» клиникасының отоларинголог дәрігері Жанар Шора.

Ғани Мұратбаевтың мемориалдық музейі тарихи-мәдени құндылықтар қорын тағы бір ерекше жәдігермен толықтырды. Бұл жолы музейге жасалуына бір ғасырдан астам уақыт өткен, қолөнер туындысы – жүнінен жасалған ұлттық аяқпап тапсырылды. Аяқпап – өз заманының қолөнер шеберлігін, эстетикалық талғамын және қазақы болмысты бойына сіңірген бірегей бұйым. Бұл бағалы жәдігерді музейге Қазалы қаласының тұрғыны Бүркітов Серікқали Өтегенұлы «Музейге сый» акциясы аясында табыс етті. Серікқали аға аяқпаптың тарихын былай деп аңгімелейді:

– «Бұл аяқпапты менің әкемнің шешесі, яғни әжем – Жөлкекызы Алтынсары өз қолымен жасаған. Өлшемі: 61,5 см х 56см. Ол 1888 жылы дүниеге келген, текті тұқымның қызы болатын. Алтынсары әжеміз – Асанның Тоғыс аталағының қызы. Оның әкесі Жөлке үш ағайынды: Мықтыбай, Түктібай және Жөлке. Мықтыбайдан ұрпақ қалмаған, ал Түктібайдан – Қалман мен Кеңес Одағының Батыры Үрмәш Түктібаев дүниеге келген. Яғни Алтынсары әжеміздің қанына батырлық пен безбазаттық, шеберлік пен сабырлық қатар дарыған. Ол кісі 88 жасында дүниеден өтті. Бұл аяқпап – сол әкеміздің қолынан шыққан, біздің әулетіміздің қасиетті жәдігеріне айналған дүние. Оны менің әкем Бүркітов Өтеген мен келіні, яғни анам Қоланқызы Ұлзира көзінің қарашығындай сақтап, бізге аманаттады. Енді мен де алпысқа

ҒАСЫРЛАЫҚ ТАРИХЫ БАР ЖӘДІГЕР



жақындап қалған шағымда, бұл мұраны келешек ұрпаққа арнайы тігілетін, әрі сәндік, әрі тұрмыстық қызмет атқаратын. Киіз бұйымдардың бірі ретінде ол жылы әрі ыңғайлы болғанымен қатар, көркем безендірілуімен де ерекшеленетін.

Жәдігердің көркемдігі мен қолөнерлік шеберлігі – қазақ халқының тұрмысындағы

Мұндай аяқпаптар бұрын үлкен кісілерге немесе қонаққа арнайы тігілетін, әрі сәндік, әрі тұрмыстық қызмет атқаратын. Киіз бұйымдардың бірі ретінде ол жылы әрі ыңғайлы болғанымен қатар, көркем безендірілуімен де ерекшеленетін.

Жәдігердің көркемдігі мен қолөнерлік шеберлігі – қазақ халқының тұрмысындағы

эстетикалық танымының айқын көрінісі. Аяқпаптың бетіне түсірілген оюлар мен қолданылған түстер де белгілі бір мағыналарды меңзейді. Бұл – шебердің тек шеберлік қана емес, рухани, танымдық тереңдігін де байқатады.

Жазу-сызуы жоқ замандарда қазақ халқы өз тарихын шежіре арқылы жеткізсе, тұрмыстық қолөнер бұйымдары – сол тарихтың көзге көрінетін айғағы болған. Бұл аяқпап – жай ғана тұрмыстық зат емес, бір әулеттің ғана емес, тұтас ұлттың шеберлікке, ұқыптылыққа, дәстүрге деген құрметінің символы. Осы жәдігер арқылы қазіргі ұрпақ ұлттық киіз бұйымдарды жасау өнерінің қалай дамығанын, олардың қандай рухани және әлеуметтік мәнге ие болғанын көреді. Қолөнер – ата-бабадан жалғасқан аманат. Ал Бүркітовтер әулеті сол аманатты ғасырдан ғасырға жеткізіп, музей арқылы барша жұртқа табыстап отыр.

Ғани Мұратбаевтың мемориалдық музейі ұлттық құндылықтарды жинақтап, сақтау арқылы жас ұрпаққа өткеннің өнегесін жеткізіп келеді. Бүркітов Серікқали Өтегенұлы табыстаған бұл аяқпап – қазақтың бай мұрасынан сыр шертетін, тарихи-рухани маңызы зор жәдігер. Мұндай бұйымдар тек музей сөресінде тұрмауы керек, олар ел тарихы мен ұлттың рухани тамыры туралы үнсіз сыр шертіп тұратын құнды қазыналар.

Жұлдыз ЕРБОЛҚЫЗЫ,
Ғани Мұратбаевтың мемориалдық музейінің қор сақтаушысы

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

**Директор-Редактор
Егиншибаева Анар
Жақысбекқызы**

**Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Рысбай Кәрімов**

**Жауапты хатшы
Зибащ ӘЛИ
8 705 982 76 61**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – ғ, 19.10.2007 ж

**Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағанбетов көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар жазеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

**Таралымы 9726 да
Индекс 66503
Тапсырыс №181
E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/**